

Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін жанар-жағармай материалдарымен қамтамасыз етудің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 17 наурыз N 412

"Заттай нысанда роялти төлеу туралы және ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді жанар-жағармай материалдарымен қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 4 наурыздағы N 353 P000353 _ қаулысына сәйкес алынған жанар-жағармай материалдарын ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне сатуды реттеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған:

2000 жылы жер қойнауын пайдаланушылар роялти төлеудің есебіне беретін шикі мұнайды сатудан түскен қаражаттың есебінен алынған жанар-жағармай материалдарын ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне сатудың тәртібі;

Жер қойнауын пайдаланушылар роялти төлеудің есебіне беретін шикі мұнайды сатудан түскен қаражаттың есебінен алынған жанар-жағармай материалдарын ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне сатудың бағасын белгілеуге арналған ведомствоаралық комиссияның құрамы туралы ереже;

Жер қойнауын пайдаланушылар роялти төлеудің есебіне беретін шикі

мұнайды сатудан түскен қаражаттың есебінен алынған жанар-жағармай материалдарын сатудың бағасын белгілеуге арналған ведомствоаралық комиссияның құрамы бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялауға жатады.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2000 жылғы 17 наурыздағы
N 412 қаулысымен
бекітілген

Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне жанар-жағармай
материалдарын сатудың
тәртібі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Тәртіп жер қойнауын пайдаланушылар роялти төлеудің есебіне беретін шикі мұнайды сатудан түскен қаражаттың есебінен алынған жанар-жағармай материалдарын 2000 жылғы көктемгі дала және егін жинау жұмыстарының мұқтажы үшін ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне сатудың тәртібін белгілейді.

<*>

Ескерту. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.07.10. N 1041

қаулысымен.

P001041_

2. Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне жанар-жағармай материалдарын сату жөніндегі операторларды белгілеу

2. Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне жанар-жағармай материалдарын сату жөніндегі операторларды (бұдан әрі - Сату жөніндегі операторлар) тендерлік негізде облыстардың әкімдері белгілейді. Сату жөніндегі операторларға оларды тендерге жіберу үшін қойылатын негізгі талаптар мұнай өнімдерін жеткізу, сақтау және босату үшін қажетті материалдық-техникалық базасы мен инфрақұрылымның болуы болып табылады.

Көрсетілетін қызметтердің бағасы жеңімпаздарды анықтаудың өлшемі болып табылады.

3. Жанар-жағармай материалдарын сатып алушы ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін айқындау

3. Жанар-жағармай материалдарын сатып алушы ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің тізбесін (бұдан әрі - Тізбе) Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігімен келісім бойынша облыстардың әкімдері белгілейді.

4. Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері мынадай талаптарға сәйкес келуі:

1) жер ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру үшін жерді пайдалануға байланысты

өндірісінің немесе қызметінің негізгі құралы болып табылатын заңды тұлға немесе жеке адам болуы;

2) салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша қарыздары болмауы және бюджеттің алдында басқа міндеттемелері болмауы тиіс.

4. Жанар-жағармай материалдарын сатудың бағасын белгілеу және оны бақылауды жүзеге асыру

5. "Мұнай-Импекс" экспорттық-импорттық фирмасы" жауапкершілігі шектеулі серіктестік (бұдан әрі - "Мұнай-Импекс"), сол сияқты Сату жөніндегі операторлар босататын жанар-жағармай материалдарын сатудың бағасын оларды тасымалдау, сақтау жөніндегі шығындарды ескере отырып жанар-жағармай материалдарын сатудың бағасын белгілеуге арналған ведомствоаралық комиссия (бұдан әрі - ВАК) белгілейді. <*>

Ескерту. 5-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.07.10. N 1041
қаулысымен. P001041_

6. Тағайындалған бағалардың деңгейі сақталуын бақылауды облыстардың әкімдерімен бірлесіп Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі жүзеге асырады.

5. Облыстар бойынша жанар-жағармай материалдарын сатудың
лимиті және оларды ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне
өткізудің тетігі

7. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі өндірілетін өнімнің басымдығы негізінде және көктемгі дала және егін жинау жұмыстарының күтілетін көлемдерін ескере отырып, облыстар бойынша жанар-жағармай материалдарын сатудың лимиттерін айқындайды және бекітеді. Нақты ауыл шаруашылығы тауар өндірушісіне жанар-жағармай материалдарын сатудың ең көп мөлшерін Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірлесіп бекітілген жоғары лимиттердің шеңберінде және ол іс жүзінде өндейтін егіс алаптарының мөлшеріне сайма-сай облыстардың әкімдері белгілейді. <*>

Ескерту. 7-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.07.10. N 1041
қаулысымен. P001041_

8. "Мұнай-Импекс" жер қойнауын пайдаланушылар роялти төлеудің есебіне беретін шикі мұнайды сатудан түскен ақшаның есебінен ішкі рыноктан еркін баға бойынша жанар-жағармай материалдарын сатып алып, ВАК тағайындаған және бекітілген лимиттің мөлшеріндегі бағалар бойынша оларды Сату жөніндегі операторларға сатады. <*>

Ескерту. 8-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.07.10. N 1041
қаулысымен. P001041_

9. Сату жөніндегі операторлар жанар-жағармай материалдарын "Мұнай-Импекстен" сатып алады, оларды мұнай өңдеу зауыттарынан соңғы терминалдарға дейін жеткізеді және ВАК тағайындаған бағалар бойынша, Тізбеге енгізілген ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне сатады. <*>

Ескерту. 9-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.07.10. N 1041
қаулысымен. P001041_

10. Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері жанар-жағармай материалдарын

сатып алу кезінде Сату жөніндегі операторлармен келісім-шарт жасасады және өз міндеттемелерін бұзғаны үшін айыппұл санкцияларын көрсете отырып (нарықтық баға құнынан айырмашылықты 30 процент айыппұлмен қайтару) оларды мақсатты пайдалану жөнінде өздеріне міндеттеме қабылдайды.

11. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі облыстар мен аудандардың әкімдерімен бірлесіп, ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері сатып алған жанар-жағармай материалдарының мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2000 жылғы 17 наурыздағы
N 412 қаулысымен
бекітілген

Жанар-жағармай материалдарын ауыл шаруашылығы тауар
өндірушілеріне сатудың бағасын белгілеуге арналған
ведомствоаралық комиссия туралы
ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. Жанар-жағармай материалдарын сатудың бағасын белгілеуге арналған ведомствоаралық комиссия (бұдан әрі - Комиссия) жер қойнауын пайдаланушылар 2000 жылы роялти төлеудің есебіне беретін және тұқым себу науқанының мұқтажына ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері үшін арналған шикі мұнайды сатудан түскен қаражаттан алынған жанар-жағармай материалдарын сатудың тәртібін белгілеу

мақсатында құрылады.

2. Комиссияның құрамын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

3. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын,

заңдарын және өзге де нормативтік-құқықтық актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

2. Комиссияның міндеттері мен функциялары

4. Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне Сату жөніндегі операторлар сататын жанар-жағармай материалдарының босату бағалары деңгейін айқындау.

4-1. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі бекітетін жанар-жағармай материалдарының жоғарғы лимиттері көлемдерін келісу.

<*>

Ескерту. 4-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2000.07.10.

N 1041 қаулысымен.

P001041_

3. Комиссияның құқықтары

5. Комиссияның өзінің алдына қойылған міндеттерді шешуі үшін:

орталық және жергілікті атқарушы органдардан, мемлекеттік кәсіпорындардан және басқа ұйымдардан белгіленген тәртіппен комиссияға жүктелген міндеттерді орындау үшін қажетті ақпаратты сұратуға және алуға;

Қазақстан Республикасының Үкіметіне белгіленген тәртіппен жер қойнауын пайдаланушылар роялти төлеудің есебіне беретін шикі мұнайды сатудан түскен қаражаттан алынған жанар-жағармай материалдарын 2000 жылы ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне сату мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерді қабылдау, өзгерту және тоқтату жөнінде ұсыныстар енгізуге;

белгіленген тәртіппен өз құзыретіне енетін мәселелерді шешу үшін, министрліктердің, ведомстволардың, кәсіпорындардың және ұйымдардың тиісті бейіндегі мамандарын тартуға құқығы бар.

4. Комиссияның қызметін ұйымдастыру

6. Комиссияны, оның жұмысын ұйымдастыратын және осы Ереже Комиссияға

жүктеген міндеттер мен функциялардың уақытылы және сапалы орындалуы үшін жеке жауаптылықта болатын, Төраға басқарады.

7. Комиссия Төрағасының функцияларын ол болмаған жағдайда төрағаның орынбасары атқарады.

8. Комиссия өзінің отырыстарын апта сайын өткізеді.

9. Комиссияның шешімі Комиссия мүшелерінің қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыс саны тең болған жағдайда - Төрағаның дауысының шешуші маңызы болады.

10. Комиссияның барлық шешімдері ұсыным сипатында болады және тиісті Хаттамамен ресімделеді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2000 жылғы 17 наурыздағы
N 412 қаулысымен
бекітілген

Жанар-жағармай материалдарын ауыл шаруашылығы тауар
өндірушілеріне сатудың бағасын белгілеу жөніндегі
ведомствоаралық комиссияның
құрамы

Қаппаров	- Қазақстан Республикасының
Нұрлан Жамбылұлы	Энергетика, индустрия және сауда вице-министрі, төраға
Мырзахметов	- Қазақстан Республикасының
Асқар Исабекұлы	Ауыл шаруашылығы вице-министрі, төрағаның орынбасары
Аймақов	- Қазақстан Республикасының
Бауыржан Жаңабайұлы	Қаржы министрлігі Фискальдық саясат және болжамдар департаментінің директоры

Бәзілжанов - Қазақстан Республикасының
Ерболат Кәрібжанұлы Ауыл шаруашылығы
министрлігі Егіншілік
департаментінің директоры
Тілеулесов - Қазақстан Республикасының
Биғали Жақсылықұлы Мемлекеттік кіріс министрлігі
Ірі салық төлеушілер
департаментінің директоры
Шырдабаев - Қазақстан Республикасы Энергетика,
Жексен Мағауияұлы индустрия және сауда министрлігі
Мұнай және газ департаментінің
директоры

<*>

Қасымов Борис - "Қазагро" Қазақстан республикалық
Ибрагимұлы фермерлер қауымдастығының
президенті

<*>

Ескерту. Қосымша өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.07.10. N 1041
қаулысымен.
P001041_

Оқығандар:
Қобдалиева Н.М.
Қасымбеков Б.А.